

Физикалық қасиеттерді дамыту.

«Телефон» ойыны.

Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау, бір орнында секіру. Фетр матасынан жасалған телефонның сандар жазылған ұяшығына қос аяқпен секіру арқылы ата-анасының ұялы телефонының номерін тереді. Ата-анасына жылы сөздерін, ыстық ықыластарын білдіреді. Сандарды таниды. Ойын ойнай отырып, ұйымдастырылған іс-әрекетке деген қызығушылығын арттыру.

«Додекаэдр» әдісі

Бұрын біздер балаларға допты лақтыру арқылы алма туралы не білесің? - деп сұраушы едік.

Ал, бұл ойында балаға лақтырып суреттің қай жағы түссе сол зат туралы мағұлмат айтып беруі керек.

Додекаэдр ойыны 12 ұяшықтан тұрады, және 12 ұяшық бір тақырыпқа құралып жасалады.

Мен сіздерге «Дос іздеген бота» ертегісін айтып берейін:

«Ерте, ерте, ертеде боталы түйе болыпты. Ол өзінің жібек жүнді сүйкімді баласына мейрімділікті, адалдықты үйретіпті. Мөлдір көзді бота ақылды болып өседі. Бір күні анасы:

-Боташым, мен саған жақсы достан басқасының бәрін бердім. Енді тура өзің сияқты дос тап. Доссыз өмір қиын, әрі қызық емес,-дейді.

Бота өзіне ұқсайтын жалт-жұлт еткен жүні бар, жағымды үні бар дос іздеп шығады. Жайылып жүрген құлынды көріп: -Бө-ө-ө, мен дос іздеп жүрмін деп бота боздайды.

Құлыншақ: Кел, бота екеуіміз дос болайық. Мен саған сиқыр жасап көрсетемін. Аяғыңның астындағы аппақ суға қарашы, оған түрлі түсті гуашь бояуын қосып, мақталы таяқшаны сабын ерітіндісіне батырып алып сүттің үстінен басамыз.

Бота: Ғажап қандай құлыншақ! Сен мұны қалай жасадың?

Құлыншақ: Көрдің бе бота?! Егерде менімен дос болсаң, мен саған сиқырдың түр-түрін үйретемін.

Бота: Жоқ, ренжімеші сен сияқты дос емес, сен маған мүлдем ұқсамайсың.

Бұзау: Кел, Бота екеуіміз дос болайық.

Бота: Бөө-бөө, жоқ сен сияқты дос емес- деп әрі қарай жүріп кетеді.

Күшік: Аф-аф кел бота екеуіміз дос болайық. Үйшікте екеуімізге де орын жетеді, әрі үйді күзетіп жатамыз.

Бота: Жоқ, ренжімеші сен сияқты дос емес, сен маған мүлдем ұқсамайсың.

Мысық: Мяу- мяу , кел екеуіміз дос болайық,-деп мысық мяулайды.

Мияулаған мысықпын,

Мамық жүнді пысықпын.

Бота: Мысық барлық үйлер қайда кеткен, айналанда өзіңнен басқа ештеңе де жоқ қой.

Мысық: Ал, енді қарада тұр, жоқ үйлерді бар қыламын. Алдарыңызда тұрған ақ салфетканы алып, подноста тұрған суға қағазды саламыз.

Бота: Керемет, алақай! Мысық бұл сонда қалай болғаны?

Мысық: Менімен дос болсаң, бұндай сиқырларды күнде жасайтын боламыз.

Бота: Жоқ, сен сияқты дос емес – дейді бота күлімдеп.

Сөйтіп бота боздап: қозыға, әтешке келеді. Басы салбырап, дос іздеуден шаршаған бота бақаға кезігеді.

Бақа: Бақа, бақа, балпақпын,

Көзім тостақ жалтақпын.

-Кел бота екеуіміз дос болайық. Алдыңдағы ақ паракқа қарашы тап-таза. Енді қылқаламды алып, су мен йод араласқан стакандағы йодқа салып араластырамыз. Сосын ақ паракты бояп шығамыз.

Бота: Мәссаған, бақа сен бұл гүлді қалай шығардың. Сен үйретші маған осыны.

Бақа: Кел, ендеше екеуіміз дос болайық.

Бота: Бөө-бөө, жоқ сен сияқты дос емес- деп әрі қарай жүріп кетеді.

Қарға: Кел бота екеуіміз дос болайық, ағаштың басында отырып, барлығын көріп отырамыз.

Бота: Бөө-бөө, жоқ сен сияқты дос емес- деп әрі қарай жүріп кетеді.

Аяғында араға келеді де боздайды.

Бота араға келіп:

-Бө-ө-ө, мен дос іздеп жүрмін.

-З-з-з-зз,-кел, екеуміз дос болайық,- деп ара ызылдап қуа жөнеледі.

Бота арадан зорға қашып құтылады.

Басы салбырап, шаршап бота өз анасына келеді.

Анасы:

-Дос таптың ба?-деп сұрайды.

-Жоқ анашым, сенбесеңіз көктегі күннен сұраңыз. Тура мен сияқты ешкім жоқ екен,- дейді.

Анасы жымып:

-Өзің сияқты дегенім, адалдығыңды айтқам, боташым. Досты жан

тазалығымен таңдау керек, - деді.

Бота қуанып , адал достары құлынды, бұзауды, қозыны,

күшікті, мысықты, әтешті, қарғаны, бақаны ертіп келеді. Достарының құрметіне от шашу шашып, мерекені атап өтеді. Алдарыңыздағы таза стакандағы суға гуашь бояуын қанық қылып араластырамыз, сабын ерітіндісін қосып, артынша ас содан қосып, лимон қышқылын саламыз.